



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

Білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредитация стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау комиссиясының қорытындысы туралы
«ЖЕЗҚАЗҒАН БИЗНЕС ЖӘНЕ КӨЛІК КОЛЛЕДЖІ» ЖМ
«19» мамырдан «21» мамырға дейін 2019 ж.

АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТИҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ

Сыртқы сараптау комиссиясы

Жолданды
АжРТА аккредитациялық
Кеңеске



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

ОТЧЕТ

**Білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредитация
стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптау
комиссиясының қорытындысы туралы**

Мамандық:

1201000 «Автомобиль көлігіне
техникалық қызмет көрсету,
жөндеу және пайдалану»

1410000 «Автомобиль жолдары мен
аэродромдар құрылысы»

1409000 «Темір жол құрылысы, жол және
жол шаруашылығы»

Біліктілік:

120109 2 көлік жөндеу шебері
120112 3 техник-механик

141004 2 Асфальтбетон төсеуші машинист
1410013 техник-құрылысшы

1409053 техник-жолшы- құрылысшы
140902 2 Жасанды ғимараттар мен жолдарды
жөндеу және ағымдық ұстау
(босатылған) бригадирі

«ЖЕЗҚАЗҒАН БИЗНЕС ЖӘНЕ КӨЛІК КОЛЛЕДЖІ» ЖМ

«19» мамырдан «21» мамырға дейін 2019 ж.

Жезқазған қ. «19» мамыр 2019 жыл

Мазмұны

(I) Анықтамалар мен қысқартулар тізімі.....	3
(II) Кіріспе	6
(III) Білім беру ұйымының ұсынысы	7
(IV) ССК келу сапарының сипаттамасы.....	14
(V) Мамандандырылған аккредитациялау стандарттарына сәйкестігі	17
6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасымен басқару "	
6.2. Стандарт «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі»	21
6.3. Стандарт «Педагогикалық ұжым және оқытудың тиімділігі».....	25
6.4. Стандарт «Білім алушылар»	31
6.5. Стандарт «Білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын ресурстар».....	37
6.6. Стандарт «Жекелеген мамандықтар бөлінісіндегі стандарттар»	41
(VI) Күшті жақтарға шолу /әр стандарт бойынша үздік тәжірибе.....	43
(VII) Сапаны жақсарту бойынша ұсынымдарға шолу	43
(VIII) Білім беру ұйымын дамыту бойынша ұсынымдарға шолу	45
(IX) Аккредитациялық кеңеске ұсыным	45
Қосымша 1. Бағалау кестесі «Мамандандырылған бейін параметрлері»	45
Қосымша 2. Білім беру ұйымына келу сапарының бағдарламасы	45
Қосымша 3. Оқытушылар сауалнамасының нәтижесі.....	45
Қосымша 4. Білім алушылар сауалнамасының нәтижесі	45

(I) Анықтамалар мен қысқартулар тізімі

РҒӘО АҚ	«Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың және біліктілікті берудің Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығы» акционерлік қоғамы
«ҚТЖ» ҰК АҚ	«Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компания Акционерлік қоғамы
ӘШБ	Әкімшілік-шаруашылық бөлім
КІБ	Колледжішілік бақылау
ТІ	Тәрбие ісі
ЖОМ	Жоғары оқу мекемесі
ТҚТ	«Тәжірибелі құрастырушылар» тобы
ҚР МЖМТжКБС	Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім беру стандарты
ББП	Білім ұйымы анықтаған пәндер
ДПЖ	Дипломдық жобалар
ДТЮ	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
ДОЮ	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
ДОО	Директордың оқу-өндірістік орынбасары
ДОО	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
СӨС	Салауатты өмір салты
ҚА	Қорытынды аттестация
АБО	Ақпараттық-баспасөз орталығы
АКТ	Ақпараттық-коммуникациялық технология
ИПҚ	Инженер-педагогикалық қызметкерлер
АТ	Ақпараттық технология
К	Кеңестер
КТК	Көңілді тапқырлар клубы
ЖЖК	Жастар ісі жөніндегі комитет
БАК	Біліктілікті арттыру курстары
КТЖ	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
ҚР ІІМ	Қазақстан Республикасы ішкі істер министрігі
КТМ	Колледж түлегінің моделі
«Жас Отан» ЖҚ	«Жас Отан» Жастар қанаты
ҚР БҒМ	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
ӘК	Әдістемелік кеңес
ҒӘЖ	Ғылыми-әдістемелік жұмыс

ҰББ	Ұлттық білім базасы
ҒӘЖ	Ғылыми-әдістемелік жұмыс
ЖГП	Жалпыгуманитарлық пәндер
КБ	Кадрлар бөлімі
ОӘБ	Облыстық әдістемелік бірлестік
ЖБП	Жалпыбілім беру пәндері
ЖШҚ	Жауапкершілігі шектеулі қоғам
ББ	Білім беру бағдарламалары
ЖКП	Жалпыкәсіптік пәндер
СБШ	Салалық біліктілік шеңберлері
ҚКЖХ	Қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы
ҚДББ	Кәсіби даярлық деңгейін бағалау және біліктілікті беру
ИДЖ	Институционалдық даму жоспары
БА	Біліктілікті арттыру
ӨО	Өндірістік оқыту
ӨТ	Өндірістік тәжірибе
КҚД	Кәсіби қолданбалы дайындық
Р	Рәсім
ӨЖМ	Өндірістік жұмыс және маркетинг
КС	Кәсіптік стандарттар
ӨТБ	Өндірістік-техникалық бөлім
ҚР	Қазақстан Республикасы
РОДП	Процедура
РОӘБ	Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі
ОЖЖ	Оқу жұмыс жоспары
ОПОБ	Оқу пәндерінің оқу жұмыс бағдарламалары
АЖЖ	Автоматты жобалау жүйесі
АП	Арнайы пәндер
СҚБ	Студенттік құрастырушы бюро
СМЖ	Сапа менеджмент жүйесі
ӘЭП	Әлеуметтік-экономикалық пәндер
ТжКБ	Техникалық және кәсіптік білім
ОТҚ	Оқытудың техникалық құралдары
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ЖТК	«КМ Жезқазған теміржол кешені «КМ Transco» жауапкершілігі шектеулі

Tranco» ЖШС	серіктестігі
ТОББ	Типтік оқу білім бағдарламасы
ТОЖ	Типтік оқу жоспары
ТУР	«Туризм» мамандығы
ОТЖ	Оқу-тәрбие жұмысы
ОӘК	Оқу-әдістемелік кешен
ОӘБ	Оқу-әдістемелік бірлестік
ОӘО ҚО	Қарағанды облысы бойынша оқу-әдістемелік орталық
ОӨЖ	Оқу-өндірістік жұмыс
ОЖ	Оқу жұмысы
Ф	Факультативті сабақтар
«ЖБЖКК» ЖМ	«Жезқазған Бизнес және көлік колледжі» жеке мекеме
ЭОӘК	Электронды оқу-әдістемелік кешен

арта

(I) КІРІСПЕ

«Аккредиттеу мен рейтингтің тәуелсіз агенттігі» НУ бұйрығына сәйкес

02.05.2019 ж. № бұйрықтың 58-19-ОД "Жезқазған бизнес және көлік колледжі" ЖМ

білім беру бағдарламалары мамандандырылған аккредитациялаудан өткізілді:

1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету,

жөндеу және пайдалану»

120109 2 көлік жөндеу шебері

120112 3 техник-механик

1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы»

141004 2 Асфальтбетон төсеуші машинист

1410013 техник-құрылысшы

1409000 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы»

1409053 техник-жолшы- құрылысшы

140902 2 Жасанды ғимараттар мен жолдарды жөндеу және ағымдық ұстау (босатылған) бригадирі

Сараптама ТРСА мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне сай екендігін анықтау мақсатында жүргізілді.

ССК есебі білім беру ұйымының ұсынылған білім беру бағдарламаларының ТРСА өлшемдеріне сәйкестігін бағалауды, «Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ білім беру бағдарламаларын одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсынымдарын және білім беру бағдарламаларының профилінің параметрлерін қамтиды.

«Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ оқу орнына келген ССК құрамы

1. Комиссия төрағасы – Енкенов Бауыржан Болатханович, «Талдықорған өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі» МКҚК директорының ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары (Талдықорған қаласы);

2. Шетелдік сарапшы – Соснин Вячеслав Викторович, «Одақ» орталығының директоры (Омск қ. Ресей Федерациясы);

3. Сарапшы – Қайпбаева Жұлдыз Шамильевна, Қостанай жоғары политехникалық колледж директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары (Қостанай қ.);

4. Сарапшы – Ермұхамбетов Болатхан Сейдахметович, Менеджмент және бизнес колледжінің арнайы пән оқытушысы (Нұр-Сұлтан қ.);

5. Сарапшы – Қайырханова Ақмарал Мұратовна, «Туризм индустриясы және қонақжайлылық колледжі» МКҚК технология және туризм бөлімінің меңгерушісі (Алматы қ.);

6. Сарапшы – Искаков Сұңғат Серікович, «Щучинск қаласының жоғары колледжі» МКҚК энергетикалық және байланыс пәндері әдістемелік бірлестігінің меңгерушісі (Щучинск қ.);

7. Сарапшы – Әженова Қарлығаш Сұлтаналиевна, Менеджмент және бизнес колледжінің арнайы пәндер оқытушысы (Нұр-Сұлтан қ.);

8. Агентства бақылаушысы – Бекенова Динара Қайырбековна, ТЖКО ТРСА ұйымының аккредитация бойынша жоба жетекшісі (Нұр-Сұлтан қ.);

9. Жұмыс беруші – Оспанова Алмагүл Хандильдаевна, нотариус (Жезқазған қ.);

10. Студент – Балабаева Гүлім Нұртайқызы, «Жезқазған политехникалық колледжі» МКҚК 1203000 «Теміржол көлігімен тасымалдауды ұйымдастыру және басқару» мамандығы, 3 курс студенті (Жезқазған қ.).



(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ

«Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ (әрі қарай колледж) 23.06.2009 жылдан бастап жұмыс істейді және Қарағанды облысының білім басқармасымен берілген 2009 жылғы 23 маусымдағы АБ № 0039673 сериялы мерзімі шектеусіз қызмет ететін мемлекеттік лицензия негізінде орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру саласында білім беру қызметін жүзеге асырады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің жаңа кәсіптер мен мамандықтар Классификаторының бекітілуіне байланысты 2014 жылдың 23 қыркүйегінде № KZ14LAA 00003150 білім беру қызметін көрсету құқығына мемлекеттік лицензия жаңартылды.

Колледж білім алушылардың кәсіптік және техникалық мамандықтар бойынша тәжірибелік дағды қалыптастыру үшін жалпы орта білім берудің, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асырады.

Кесте 1. Аккредиттелген мамандықтар тізімі:

№	Мамандықтар	біліктілік	Оқу мерзімі
4	1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	120109 2 Көлікті жөндеу шебері	2ж.10 ай
		1201123 Техник-механик	3ж.10ай
5	1409000 Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы	1409022 Жасанды ғимараттар мен жолдарды жөндеу және ағымдық ұстау (босатылған) бригадирі (босатылған)	2ж. 10 ай
		1409053 Техник-жолшы -құрылысшы	3ж.10 ай
6	1410000 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы	1410013 Құрылысшы-техник	3ж.6ай
		1410042 Асфальтбетон төсеуші машинист	2ж.6 ай

Колледж 2014 жылдың ақпан айында алғашқы мемлекеттік аттестаттаудан сәтті өтті және барлық мамандықтар бойынша мемлекеттік лицензияны қорғады.

2017 жылы колледжде «Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі» НУ ССК сарапшыларымен екі мамандық бойынша институционалдық және мамандандырылған аккредиттеу өткізілді: 1108000 – «Темір жол жылжымалы құрамын пайдалану, жөндеу және техникалық қызмет көрсету» (түрлері бойынша) және 1203000 – «Темір жол көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару».

2009-2011 ж.ж. колледж дамудың ұйымдастырушылық және бейімделу кезеңінен өтті. Көрсетілген кезеңде білім беру қызметін сапалы ұйымдастыруды дамытудың негізгі мәселесі, колледж әкімшілігінің пікірінше, колледжде қалыптасқан оқытушы-менеджерлік педагогикалық құрамның біліктілік-құзыреттілік деңгейінің төмендігі және колледждің білім беру қызметін жүзеге асыруда жүйелілік, нақтылық және мақсатқа сай еместігі болды.

Осыған байланысты облыстық Сараптамалық кеңеспен (12.12.2011 ж. №13 хаттама) және 08.08.2012 ж. №322 ҚО ББ бұйрығымен бекітілген «2011-2015 ж.ж. арналған сапа педагогикалық менеджмент жүйесін құру» атты «ЖкБиТ» ЖМ дамытудың эксперименталдық бағдарламасы жоспарланды және іске асырылды, «ЖкБиТ» ЖМ сапа педагогикалық менеджмент жүйесін құру бойынша экспериментальдық алаң болып танылды.

Колледж осы даму кезеңінен өтті, нәтижесінде ҚР ISO СТ 9001-2009 стандартының талаптары бойынша колледждің білім беру қызметінің сапа менеджменті жүйесі құрылды.

Мамандықтар бойынша білім беру қызметі білім беру қызметін көрсету құқығына арналған 2009 жылғы 23 маусымдағы АБ № 0039673 сериялы мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады. Колледж 3 аккредиттелетін мамандық, 5 біліктілік, күндізгі және сырттай оқу түрлері бойынша негізгі орта және жалпы орта білім негізінде мамандар дайындайды. Оқу тілі-мемлекеттік және орыс тілі.

Студенттердің аккредиттелетін мамандықтар бойынша сандық құрамы 240 студент, оның ішінде күндізгі бөлім -2017, сырттай бөлім -23 студент.

Кесте 2. Студенттердің сандық құрам көрсеткіші:

Студенттер саны	2016-2017о.ж.	2017-2018о.ж.	2018-2019о.ж.
ББ атауы: 1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану			
Күндізгі бөлім	1201123 техник-механик– 10 студ.	1201123 техник-механик– 7 студ.	1201123 техник-механик– 3 студ.
		120109 2 көлік жөндеу шебері– 28	120109 2 көлік жөндеу шебері – 63

		студ.	студ.
Сырттай бөлім	1201123 техник-механик 28 студ.	1201123 техник-механик– 6 студ.	1201123 техник-механик -18 студ.
Колледж бойынша барлығы	38 ч студ.	41 студ.	84 студ.
ББ атауы:1409000 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы»			
Күндізгі бөлім	140905 3 техник-жолшы- құрылысшы 78 студ	140902 2 Жасанды ғимараттар мен жолдарды жөндеу және ағымдық ұстау (босатылған) бригадирі (босатылған) -21 студ	140902 2 Жасанды ғимараттар мен жолдарды жөндеу және ағымдық ұстау (босатылған) бригадирі (босатылған) -19 студ
		140905 3 техник-жолшы- құрылысшы- 63 студ	140905 3 техник-жолшы- құрылысшы -57 студ
Сырттай бөлім	140905 3 техник-жолшы- құрылысшы - 10 студ.	140905 3 техник-жолшы- құрылысшы - 2 студ.	140905 3 техник-жолшы- құрылысшы-5 студ
Колледж бойынша барлығы	88 студ	86 студ	81 студ
ББ атауы :1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы»			
Күндізгі бөлім	141001 3 техник-құрылысшы - 81 студ.	141004 2 Асфальтбетон төсеуші машинист -21 студ	141004 2 Асфальтбетон төсеуші машинист - 20 студ.
		141001 3 техник-строитель -1 чел	141001 3 техник-строитель -55 чел
Сырттай бөлім	141001 3 техник-құрылысшы - 3 студ	141001 3 техник-құрылысшы -1 студ	-
Колледж бойынша барлығы	84 студ	76 студ	75 студ

2012 жылдан бастап мемлекеттік тапсырыстар бойынша студенттер даярлануда.

Кесте 3. Мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша білім алатын студенттердің сандық құрамы:

№	ББ атауы	2016-2017	2017-2018	2018-2019
1	1201000 1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	-	120109 2 көлік жөндеу шебері– 25 студ	120109 2 мастер по ремонту транспорта– 44 чел
2	1409000 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы»	1409053 техник-жолшы-құрылысшы– 75 студ	140902 2 Жасанды ғимараттар мен жолдарды жөндеу және ағымдық ұстау (босатылған) бригадирі (босатылған) – 20 студ	140902 2 Жасанды ғимараттар мен жолдарды жөндеу және ағымдық ұстау (босатылған) бригадирі (босатылған) – 19 студ
			1409053 техник-жолшы-құрылысшы– 60 студ	1409053 техник-жолшы-құрылысшы – 54 студ
3	1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы»	1410013 техник-құрылысшы – 80 студ	141004 2 Асфальтбетон төсеуші машинист – 20 студ	141004 2 Асфальтбетон төсеуші машинист – 20 студ
			1410013 техник-құрылысшы– 54 студ	1410013 техник-құрылысшы– 55 студ
Барлығы:		155 студ	179 студ	192 студ

Колледждің басты байлығы- педагогикалық ұжымы. 1 кластер бойынша колледжде 34 оқытушы, оның 21 оқытушысы жоғарғы және I санатты, 3 оқытушы академиялық магистр дәрежесінде, 1 ғылым кандидаты. Барлық оқытушылардың ЖО білімі – 100 %, базалық білімі – 100 %.

Кесте 4. 1 кластер бойынша мамандықтар негізінде оқытушылардың сапалық құрамы

№	ББ атауы 1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	Педагогикалы қ кадрдың сандық көрсеткіші	Санаты			Ғылыми- академиялық дәрежесі
			Жоғарғ ы	I	II	
1.	1409000 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы»	3	2			
2.	1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы»	4		1	1	1 магистр 1 ғылым кандидаты
3.		5		1	1	1 магистр

Колледждің педагогикалық ұжымы «Білім беру инновациялары мен технологиялары арқылы мамандарды кәсіби даярлаудың сапасын арттыру және жетілдіру» атты әдістемелік тақырыбында жұмыс атқарады.

Кесте 5. Түлектердің еңбек қамтылу көрсеткіші:

Түлек	Мамандық	Түлектер саны	Жұмыспен қамтылғандар			ЖОО білім алады	ҚК қағарына шақырылғандар	Бала күтімінде	% жұмыспен қамтылғандар
			барлығы	Мамандық бойынша	Басқа салада				
2016	СЖД	10	5	1	4	-	-	-	50%
	САД	-	-	-	-	-	-	-	-
	ТО	-	-	-	-	-	-	-	-
2017	СЖД	19	11	4	2	2	2	2	58%
	САД	21	13	5	8	-	-	-	62%
	ТО	-	-	-	-	-	-	-	-
2018	СЖД	12	5	2	3	1	4	-	42%

І жж көрсеткіші	САД	14	6	-	-	4	3	-	43%
	ТО	4	2	-	-	-	1	-	50%

5 кесте бойынша анализ. Түлектердің еңбекпен қамтылу көрсеткіші соңғы 3 жылда айтарлықтай жоғары емес, 42% дмен 62% аралығында, оның ішінде 10-23% аралығына өз мамандығымен еңбек етуде. Жыл сайын жалпы көрсеткіштен 10 - 30 % аралығы ғана ЖОО түседі. Түлектермен кездесу барысында «Түлектер ассоциациясы» жұмыс атқармайтындығы, жұмыс берушілермен біріккен іс- шаралардың жүргізілмейтіндігі «Бос орындар жәрмеңкесі» сынды, әлеуметтік серіктестер басшыларымен кездесулер өткізілмейтіндігі және Қамқоршылық кеңес жұмысының дұрыс ұйымдастырылмағандығы байқалды.

Студенттердің мамандыққа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында «Опытный конструктор» (Дарынды құрастырушы) үйірмесі жұмыс атқарады. Осы негізде құрастырушылар тобымен бірнеше стендтер, макеттер, модельдер және түрлі әдістемелік көрнекі құралдар әзірленген. Басым бөлігі теміржол мамандықтары бойынша.

Аккредиттелетін мамандықтар бойынша 6 студент «Төртінші өнер кәсіптік революция жағдайындағы тарихи өрлеу» облыстық конференцияға, 19 студент мамандықтары бойынша конкурстар мен олимпиадаларға қатысқан. (7 сертификат, 10 диплом, 2 Алғыс хат).

Кесте 6. Студенттердің конкурстар мен олимпиадаларға қатысу көрсеткіші

№	Оқу жылы	ББ атауы		
		1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы»	1409000 «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы»
1.	2016-2017	-	-	1
2.	2017-2018	1	12	2
3.	2018-2019	-	-	-
	1 кластер бойынша	1	12	3

6 кесте бойынша анализ: Студенттердің конкурстар мен олимпиадаларға қатысу көрсеткіші төмен. Бұл студенттердің ғылыми бірлестік жұмысының төмендігін көрсетеді.

IV. ССК КЕЛУ САПАРЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы 2019 жылдың 19 мамырынан- 21 мамырына дейін «Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ЖМ білім беру бағдарламаларын мамандандырылған аккредиттеу жөніндегі сараптамалық комиссиясы сапарының бекітілген бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

ССК жұмысын үйлестіру мақсатында колледжде жиналыс өткізіліп, оның барысында комиссия мүшелері өз міндеттерімен бөлісті.

ССК кездесуді бағдарламада бекітілген уақытта, белгіленген орында өткізді. «Жезқазған бизнес және көлік колледжі» ұжымы тарапынан бағдарламада көрсетілген барлық адамдармен қамтамасыз етілді.

Іссапар барысында мақсатты топтармен кездесулерден басқа, студенттермен, колледж оқытушыларымен, түлектер, ата-аналар мен жұмыс берушілермен кездесулер болды.

5-кесте. Кездесуге қатысқан қызметкерлер мен студенттер туралы мәлімет:

Қатысушылар лауазымы	Саны
Директор	1
Директор орынбасары	4
Кафедра меңгерушілері	3
Сырттай бөлім меңгерушісі	1
СМЖ маманы	1
«Зерде» ғылыми бірлестік жетекшісі	1
«Шеберлік» озық іс- тәжірибелер мектебі	1
«Ұшқын» жас мамандар мектебі	1
Психолог	1
Оқытушылар	13
Студенттер	19
Түлектер	20
Әлеуметтік серіктестер	8
Ата-аналар	23
Барлығы	97

ССК жұмыс барысында колледждің инфрақұрылымдарына тексерістер жүргізілді: оқу аудиторияларына, лабораторияларына, шеберханалар, оқу бөлімі, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқу залы, медициналық кабинет, гимнастикалық зал, асхана.

Сонымен қатар аккредиттеуден өтіп отырған мамандықтар бойынша кафедра меңгерушілерінің құжаттары қаралды. СТО «Тұлпар», КГП «Управление городскими автомобильными дорогами», ТОО «АлмасҚұрылыс Kazakhstan», ТОО «Нұр-Жол-Алем» тәжірибе базалары қаралды.

Тәжірибелік базаларды аралау кезінде жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер өз кәсіпорындарын таныстырумен қатар, өндірістік тәжірибенің сапалы түрде жүргізілуіне де баса назар аударды, мысалы:

1. ҚҚК«Қалалық автожолдарды басқару» директоры Исмаилов Ергали Иманғалиевич, ССК студенттердің тәжірибеден өту ережесі мен жағдайы, өндірістік тәжірибеден өту нормативтік құжаттарын көрсетумен қатар, тәжірибеден өту орындарын және ТҚЕ сақталуын көрсетті. Сонымен қатар студенттердің білімдерінің жеткілікті деңгейде екенін, барлық құзыреттіліктерді орындай алатындықтарын баса айтты. ССК тексеріс кезінде тәжірибе базасында САД-201 19 студенті болды. Бұл мекеме жыл бойы студенттерді тәжірибеден өтуге қабылдай беретіндіктерін айтты. Студенттер қысқы мезгілде қар тазалау жұмыстарымен айналысады.

2. ЖШС «InConKZ» базасы тексерілді. База басшы ОспановӨмір Токтаулович ССК студенттердің тәжірибеден өту ережесі мен жағдайы, өндірістік тәжірибеден өту нормативтік құжаттарын көрсетумен қатар, тәжірибеден өту орындарын және ТҚЕ сақталуын көрсетті. Өмір Токтаулович өндірістік тәжірибе бағдарламасын студенттердің дағдыларына байланысты жекешелендіру қажеттілігін атап өтті. Сонымен қатар жұмыс беруші колледждің түлектері Куаныш Бекетов, Досжан Куантаев туралы да жақсы пікір білдірді. ССК тексеріс кезінде СЖД-201 тобының 5 студенті тәжірибе базасында болды. Студенттер теміржол шпалдары мен бекіткіштер торын құру жұмыстарын орындады. Негізінен кәсіпорын базасы теміржол жолдарын салу, теңестіру, тегістеу, түзету, рельстерді тегістеу, жалпы алғанда теміржол құрылысының барлық түрлерін жасаумен айналысады. Жұмыс берушілер өз тараптарынан бірнеше ұсыныстарын да білдірді:

а) оқу үрдісінің кестесін құру кезінде тәжірибеден өту мерзімін күз, көктем, жаз айларына қоюды қарастырса, себебі тәжірибе базасында қыс мезгілінде аса жұмыс түрлері болмайтыны ескертті;

б) жол құрылысында жұмыс жасау физиологиялық тұрғыда үлкен күшті қажет ететіндіктен, тәжірибеге келетін студенттердің физикалық тұрғыда дайындықтарына баса назар аударса.

3. ЖШС «Тұлпар» директоры Бухарбаев Бикен Сламғалиевич ССК студенттердің тәжірибеден өту ережесі мен жағдайы, өндірістік тәжірибеден өту нормативтік құжаттарын көрсетумен қатар, тәжірибеден өту орындарын және ТҚЕ сақталуын көрсетті. Базада 23 студент тәжірибеден өтіп жатты. Студенттер арнайы кесте бойынша түрлі цехтерге бөлінген. Кәсіпорын басшысы тәжірибеге студенттерді 2 ауысымға бөліп

жіберсе деген ұсыныс жасады. Әлеуметтік серіктес Б.С.Бухарбаев сонымен қатар колледжбен тығыз байланыста жұмыс атқаратынын, жақында WorldSkills чемпионатына колледж студентімен бірге барып қатысқандықтарын да атап кетті.

ССК тексеріс барыныда оқытушылардың сабақтарына қатысты. СЖД-301 тобынының «Релстердің бүленбеуін бақылау» пәніне қатысу болды. Пән оқытушысы: І санатты арнайы пән оқытушысы Карымсакова Г.А. Сабақ тақырыбы «Рельс ақаулары». Сабақта 18 студент болды. Сабақ жоспары КТЖ сәйкес келді. Оқытушы сұрақ- жауап әдісін қолданды. Сабақта «Венгер сөзжұмбақ» әдісі қолданылып, студенттерді 4 студенттен топқа бөлінді. Бірақ сөзжұмбақты шешкеннен кейін рефлексия жүргізілмеді. Жаңа тақырыпты өту кезінде СТО технологиясы пайдаланылды. Студенттерге дәріс беріліп, әр топ берілген дәріс бойынша 3-4 сұрақтан құрастырды. Бұл сұрақтар рельстің ақаулары, олардың істен шығуы сынды мәселелерді қозғады. Жалпы сабақ белсенді жүргізілді, оқытушы сабақтың міндетін, әдісін, нәтижесін, аудиториямен жұмыс жүргізуді жақсы орындады. Бірақ сабақта үштілді меңгертудің элементтері болмады. Топтың журналы бойынша еш ескерту жоқ.

1201000 «1201000 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының ТО-303 тобының «Теория автомобилей и двигателей» пәнінің «Тормозное управление» тақырыбы бойынша сабаққа қатысу болды. Пән оқытушысы Молдабек А.К. (жоғары санатты). Сабақта 3 студенттің 3-і де болды. . Оқытушы сабақта әр студентке жеке сұрақ қою әдісін пайдаланды. Сабақ жоспары КТЖ сәйкес болды. Сабақта бейне ролик және түрлі презентациялар көрсетілді. Оқытушы сабақта мамандықтарына сәйкес емес, яғни ешбір көрнекі құралы сәйкес келмейтін аудиторияда жүргізді. Оқытушы ИТ меңгермеген. Топтың журналы бойынша еш ескерту жоқ.

СЖД-301 тобының «Теміржолға техникалық қызмет көрсету және жөндеу» пәнінен «Жоспардағы жолдың қисық телімінің күтімі» тақырыбында өткізілген А.А.Саринаның сабағына қатысу болды. Сабаққа 23 студенттің 18 студенті қатысты. Бағдарлама КТЖ сәйкес жүргізілді. Оқытушы сабақ барысында АКТ, оның ішінде QR код, электорндық оқулық материалдарын пайдаланды. Бірақ сабақ жүргізілген 304 аудиторияда интернет желісі баяу болды, сол себепті бұл мәселе сабақтың кезеңдерін өз уақытында өткізуге кедергі келтірді. Сабақта үштілді меңгертудің элементтері болмады. Топтың журналы бойынша еш ескерту жоқ.

ТО-303 тобының «Средства и технологии диагностирования» пәні бойынша сабаққа қатысу болды. Айдарханов Е.М. (санатсыз). Сабақтың тақырыбы «Электронный блок управления. Блок управления МИКАС. Микропроцессор блока». Сабақта 3 студенттің 3-і де болды Оқытушы сабақта әр студентке жеке сұрақ қою әдісін пайдаланды. Сабақ жоспары КТЖ сәйкес болды. Сабақта бейне ролик және түрлі

презентациялар көрсетілді. Оқытушы сабақта мамандықтарына сәйкес емес, яғни ешбір көрнекі құралы сәйкес келмейтін аудиторияда жүргізді. Оқытушы ИТ меңгермеген. Топтың журналы бойынша еш ескерту жоқ.

САД-101 тобының «Алғашқы әскери дайындық» сабағына қатысу болды. Сабақ тақырыбы «Сол және оның элементері». Сабақты жоғары санатты АӘД пәнінің оқытушысы Калиев М.Б. жүргізді. Сабақта 15 студенттің 14-і болды. Бағдарлама КТЖ сәйкес. Оқытушы сабақта сұрақ- жауап әдісін пайдаланды. Сабақта «студент-оқытушы» кері байланыс жүргізілді. Үштілді меңгерту әдісі пайдаланылды. Барлық пән бойынша терминология пайдаланылды.

Аккредиттелетін мамандықтардың сабақтарына қатысу нәтижесі бойынша, оқытушылардың білімдерінің жеткілікті екенін байқауға болады. Бірақ оқытушылар сабақта оқыту технологияларын толық қолданбайтындары байқалды. Оқытушылар біліктіліктерін өз уақытында арттырады. Саралай келе оқытушылар колледждің алға жылжуына өз үлестерін қосуда.

Кластер бойынша білім беру бағдаламалары барлық Образовательные программы кластера соответствуют лицензиялық және біліктілік талаптарына сәйкес келеді. Өзін- өзі бағалау есебінде көрсетілген барлық талаптар мен заңнамалар ССК тексеріс кезінде дәлелденді. Білім беру бағдарламалары жұмыс берушілер тарапынан талқыланып, олардың ұсыныстары қаралып, жыл сайын жаңартылып тұрады.

V. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА

СӘЙКЕСТІГІ

5.1. «Білім беру бағдарламасын басқару» стандарты

- * ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспарын әзірлеу мемлекеттің мүдделі тұлғалар мен білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғанын көрсетеді.
- * ТжКБ ұйымы ББ дамыту жоспары қолда бар ресурстарға, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және ҚР Білім беру саясатына барабарлығын қамтамасыз етуі тиіс.
- * ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалар тобының өкілдерін, оның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжымды және жұмыс берушілерді ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға тартуы тиіс.
- * ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру процестерінің ашықтығын көрсетеді. ТжКБ ұйымы мүдделі тұлғалардың ББ даму жоспарының мазмұны және оны қалыптастыру процестері туралы хабардар болуын қамтамасыз етеді.
- * ТжКБ ұйымы ББ даму жоспарын қалыптастыру және тұрақты қайта қарау және оны іске асыру мониторингін анықтау керек.
- * ТжКБ ұйымы ББ-ны іске асыру туралы ақпаратты жүйелі түрде жинайды, жинақтайды және талдайды және барлық бағыттар бойынша Өзін-өзі тексеруді жүргізеді, ББ даму жоспарын әзірлейді және қайта қарайды
- * ББ даму жоспары барлық мүдделі тараптардың өкілдерімен Ашық талқылаудан өтеді, олардың ұсыныстары мен түзетулері негізінде ТжКБ ұйымының уәкілетті алқалы органы жобаға өзгерістер енгізеді.
- * ТжКБ ұйымы қаржыландыру жүйесінің орнықтылық, тиімділік, нәтижелілік, басымдық, ашықтық, жауапкершілік, өкілеттік беру, межелеу және дербестік қағидаттарын іске асыру дәрежесін көрсетеді.
- * Басқару ОП қамтуы тиіс:
 - үрдістер арқылы қызметті басқару
 - жоспарлау, дамыту және тұрақты жақсарту тетіктері
 - қызметтің серпінін анықтауға және жоспарларды іске асыруға мүмкіндік беретін есептілік процестерін құруды қоса алғанда, мониторинг
 - өзгерістердің тиімділігін талдау
 - бөлімшелер қызметінің нәтижелілігі мен тиімділігін және олардың өзара іс-қимылын бағалау»
- * ТжКБ ұйымдарында ББ-ны іске асыруды регламенттейтін барлық негізгі бизнес-үрдістер құжаттандырылуы тиіс.
- * ТжКБ ұйымы бизнес-үрдістерге жауаптылардың нақты айқындалуын, персоналдың лауазымдық міндеттерін бір мәнді бөлуді, ББ іске асыруға қатысатын алқалы органдар функцияларының аражігін ажыратуды көрсетуі тиіс.

* ТЖКБ ұйымы осы процесті регламенттейтін білім беру бағдарламалары мен құжаттарын бекіту, мерзімдік рецензиялау (қайта қарау) және мониторингтеу тәртібін көрсетуі тиіс.

* ТЖКБ ұйымы білім алушыларға, қызметкерлерге және мүдделі тұлғаларға бағдарланған ақпарат беру және кері байланыс жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

* ББ басшылығы оны жобалауды, басқаруды және мониторингті, оларды жақсартуды, фактілер негізінде шешімдер қабылдауды қамтитын ББ сапасын қамтамасыз ету жүйесінің табысты жұмыс істеуін көрсетуі тиіс.

* ББ басшылығы білім беру бағдарламасын басқару жүйесінің ашықтығының дәлелдемелерін ұсынуы тиіс.

* ТЖКБ ұйымы ББ басқару процестерінде статистиканы жинау және талдау жүйесін қарқынды пайдаланудың бар-жоғын және дәлелдемелерін көрсетуі тиіс.

* ББ басшылығы педагогикалық ұжымның, персоналдың және білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттану дәрежесін өлшеуді қамтамасыз етуі және өлшеу процесі шеңберінде анықталған кемшіліктерді жою дәлелдемелерін көрсетуі тиіс.

* ББ басшылығы білім алушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар үшін ашықтық пен қол жетімділік дәлелдерін көрсетуі тиіс.

Дәлелді бөлім

БББ-сы ТООБ-да анықталған кәсіби біліктілікті қалыптастыруға және мамандықтардың біліктілік сипаттамаларына бағытталған.

БББ және олардың практикалық деңгейін іске асыру мамандықтардың міндеттеріне сәйкес белгіленген мақсаттармен анықталады. Бағдарлама мақсаты білім беру қызметінің тұтынушылардың мүдделеріне сәйкестігін және күтілетін деңгей түлектердің кәсіптік даярлануын жеткілікті шамада қамтамасыз етеді.

1201000 «Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету» мамандығының БББ-сы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген электрондық үлгідегі оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген;

1409000 «Теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы» біліктілігі ҚР БЖҒМ-нің 2014 жылғы 29 шілдедегі № 312 және 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 72 бұйрығымен және 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген электрондық үлгідегі оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген.

1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромды салу» мамандығының БББ-сы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2013 жылғы 10 шілдедегі №

268, 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген және электронды үлгідегі оқу бағдарламалары мен техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 31 қарашадағы № 553 және 2015 жылғы 15 маусымдағы № 384 бұйрығымен бекітілген Холдингтік комитеттің түзетулерімен өзгертілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 334-ші ережесі мамандық бойынша үлгілік оқу жоспары негізінде жасалған.

БББ-сы колледждің Ғылыми-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде қарастырылды және бекітілді (2018 жылғы 23 тамыздағы №1 хаттама). Ішкі нормативтік құжаттар мамандықтың білім беру бағдарламаларын әзірлеу әдістемесін анықтайды, сондай-ақ барлық тиісті бекіту рәсімдерін ұйымдастыруды және жүргізу тәртібін реттейді.

«Мамандықтану» арнайы пәндер кафедрасында білім беру бағдарламасы бүкіл оқу кезеңінде мамандықтың типтік оқу жоспарының негізінде әлеуетті жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып әзірленеді.

Аккредиттелетін ББ мазмұны МБББ және басқа да ҚР ТЖКББ НҚА сәйкес және мамандардағы даярлау колледж миссиясының орындалуы талаптарға сәйкес.

1201000 «Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету», 1409000 «Теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», 1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромды салу» мамандықтарының ББ дамытудың жоспары құрылған. ББ жоспарлар үнемі толықтырылып, өзгерістер енгізіліп тұрады. Колледждің басқару менеджменті алқалық кеңестердің өтуі және ашықтығын көрсетеді. Жоғары алқалық кеңес- Педагогикалық кеңес.

Сауалнамаға қатысушылар ата- аналар, студенттер, жұмыс берушілер, оқытушылар және түлектер. Сауалнама нәтижесі бойынша тұтынушылардың қанағаттануынан басқа колледж қызметіне түзетулер енгізу, ұсыныстар қабылдау жұмыстары да жүргізіледі.

Жинақталған мәліметтер бойынша студенттердің басым бөлігі (90,4%) ББ орындалу стратегиясына қанағаттанады. Сонымен қатар колледж оқытушылары да стратегия мен миссияның өз мерзімімен орындалуын жоғары деңгейде бағалады (100%). Сонымен қатар оқытушылар 100% өздерінің стратегияларын оқу үрдісінде пайдалана алатындықтарын да атап жеткізді. Студенттер 100% ББ мен олардың берілу методикасына қанағаттанатындықтарын көрсетті.

ССК колледж директоры, кафедра меңгерушілері, сырттай бөлім меңгерушілері, бөлім меңгеруші қызметкерлері, студенттер, оқытушылар, жұмыс берушілер мен түлектермен кездесу кезінде, сонымен қатар студенттер мен оқытушылардан сауалнама алу кезінде колледждің инфроқұрылымымен, материалдық- техникалық және ақпараттық-

әдістемелік ресурстарымен танысты.

«Білім беру бағдарламасын басқару» стандартына талдау жасау нәтижесінде барлық ББ бағдарламалары жоспарлы, мақсатты және жүйелі түрде жүзеге асатынын және тұтынушылар тарапынан да талданатынын байқадық, бірақ ББ ашықтығы, яғни тұтынушыларға қолжетімділігін колледж сайты арқылы қамтамасыз ету қажет.

Аналитикалық бөлім

Колледж стратегиялық жоспарды құру және жүзеге асыру негізінде өз қызметін атқаруда. Бұл үрдіске оқытушылар, студенттер, ата-аналар мен жұмыс берушілер қатысады. Кездесу барысында тұтынушылард ББ жүзеге асыуы, стратегияның орындалуы бойынша ақпараттанғандықтарын көрсетті.

ССК жүргізген сауалнама барысында оқытушылардың басқарушылық және стратегиялық шешімдерді қабылдауда 100% қатысатындықтарын көрсетті.

ББ күшті жақтары:

-ББ даму жоспары жоспарланған іс-шаралар мен көрсеткіштерді жоғары деңгейін көрсетеді;

-ББ дамыту жоспары қолда бар ресурстарды ескере отырып жасалғандығын, әрі қарай оны дамытуға бағытталған, ТЖКБ-ның қазіргі заманғы тенденцияларын WorldSkills чемпионатына қатысу, WorldSkills стандарттарын білім беру процесіне енгізу, көптілділік, дуальды оқыту, ЕР енгізуге тәжірибеге бағытталған тәсілдердің болуы;

-колледжде ISO 9001-2016 білім беру сапасын басқару жүйесі енгізіліп, жұмыстың онтайлы жүргізілуі;

- білім беру бағдарламаларының және осы процесі реттейтін құжаттардың өз кезеңінде қаралуы.

ССК ұсыныстары:

– Колледж басшылығы 1201000 «Автокөлікті жөндеу, пайдалану және қызмет көрсету», 1409000 «Теміржол құрылысы, жол және жол шаруашылығы», 1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромды салу» мамандықтарының ББ тұтынушылар тарапынан талқылануын және олардың жасалған ұсыныстары бойынша жұмысты жүзеге асыру;

– Колледж басшылығы колледждің стратегиялық даму құжаттарына тұтынушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

– Колледж басшылығы кері байланыс жасаудың ережесін құру;

– Колледж басшылығы өтініштер, шағымдарды қабылдау бойынша ереже құру;

– Колледж басшылығы колледж сайтына алқалық кеңестердің қабылданған шешімдерін енгізу (Педагогикалық, Қамқоршылық кеңес хаттамалары), сонымен қатар колледждің локалды құжаттары, ББ бойынша бекітілген оқу жоспарлары, оқу үрдісінің кестесі, сабақ кестесі;

– Колледж басшылығы колледж сайтының функционалдық және ақпараттық мазмұнын кеңейту, сайт жұмысын тұтынушыларға бағыттау, ББ ашықтық жүйесін жасау.

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 17 күшті, 3 қанағаттанарлық және 2 жақсартуды болжайтын жақтары бар екенін атап өтті.

5.2. «Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандарты

* ТжКБ ұйымы білім беру бағдарламасы түлектерінің білім, білік, дағды, базалық және кәсіби құзыреттіліктері, жеке қасиеттері бар әзірленген үлгілерінің болуын көрсетуі тиіс.

* ТжКБ ұйымы педагогикалық ұжым мен жұмыс берушілердің ББ әзірлеуге, олардың сапасын қамтамасыз етуге қатысуының дәлелдерін ұсынуы тиіс.

* ТжКБ ұйымы оқу пәндерінің мазмұнын, көлемін, өзара байланысының логикасын, сондай-ақ пәндердің, өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканың түлектердің базалық және кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыруға әсерін айқындауы тиіс

* ББ басшылығы оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби мәтіннің болуын көрсетуі тиіс.

* ББ басшылығы теориялық және практикалық-бағытталған пәндер арасындағы тиімді теңгерімнің болуын көрсетуі тиіс

* Пәндер тізімі мен мазмұны білім алушыларға қолжетімді болуы тиіс

• Пәннің барлық оқылатын облысы сұрақтар, мәселелер жеткілікті болуы тиіс

• Білім беру бағдарламасының құрылымында жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың базалық және кәсіптік құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін әртүрлі қызмет түрлерін қарастыру қажет

* Жұмыс берушілердің мүдделерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларының жаңартылуы маңызды фактор болып табылады

Бағалау критерийлері: ББ дараландыру

* ББ басшылығы білім алушылардың тең мүмкіндіктерін, оның ішінде оқу тіліне қарамастан қамтамасыз етуі тиіс.

* ББ басшылығы білім беру үдерісі мәселелері бойынша білім алушыларға жеке көмек және кеңес беру жүйесінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

* Басшылық ББ тиімді игеру үшін жағдай жасайды.

* ББ басшылығы білім алушыларды ББ іске асыру кезінде артықшылықтарды, жеке ерекшеліктерді, қажеттіліктерді және мәдени тәжірибені пайдалануды көрсетуі тиіс.

* ББ басшылығы білім алушыларды ББ іске асыру кезінде жеке қолдауды көрсетуі тиіс.

* ББ басшылығы білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүйесінің болуын

дәлелдеуі тиіс.

Бағалау критерийлері: білім алушылардың нәтижелерін бағалау

* ББ басшылығы оқыту нәтижелерін объективті, нақты және толық бағалау тетігінің болуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуі тиіс.

* ББ басшылығы оқыту нәтижелерін бағалаудың объективтілігін және білім алушылардың базалық және кәсіптік құзыреттерінің қалыптасу дәрежесін, оларды бағалау құралдары мен механизмдерінің айқындылығын және барабарлығын қамтамасыз етуі тиіс.

* ББ басшылығы білім алушылардың білім деңгейін, іскерлігін және дағдыларын бағалау рәсімдерінің жоспарланған оқыту нәтижелері мен бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуі тиіс.

* ББ басшылығы курс және оқу пәндерін оқыту кезінде білім алушылардың біліміне, шеберлігіне және дағдыларына диагностика жүргізу керек.

* Оқыту нәтижелерін бағалау үдерістері мен критерийлері ашық болуы тиіс.

* ББ басшылығы білім алушылардың келесі білім беру деңгейлерінде оқуын жалғастыру үшін дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етуі тиіс.

Бағалау критерийлері: оқыту әдістемесі

* ББ басшылығы оқытудың белсенді әдістерін және оқытудың инновациялық әдістерін жүйелі түрде дамытуды, енгізуді және тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

- Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру кезінде білім алушының өзіндік жұмысына мониторинг жүргізу қажет.

* ББ басшылығы білім алушылардың мамандық/біліктілік бойынша өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өту мүмкіндігін қамтамасыз етуі және білім алушылардың, кәсіпорын басшыларының практика орындары мен жұмыс берушілердің қанағаттанушылығына мониторинг жүргізуі тиіс.

* ББ басшылығы білім беру үдерісіне оқытушылардың практикалық жетістіктерінің нәтижелерін енгізуді қамтамасыз етуі тиіс.

Дәлелді бөлім

Сарапшылар тобымен жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сараптау жүргізілді. Колледждің оқу жұмысы барлық ҚР ТжКБ нормативтік- құқықтық талаптарына сәйкес жүргізіледі.

«Мамандықтану» арнайы пәндер кафедрасында білім беру бағдарламасы бүкіл оқу кезеңінде мамандықтың типтік оқу жоспарының негізінде әлеуетті жұмыс берушілердің қажеттіліктерін ескере отырып әзірленеді.

БББ мамандықтарының құрылымы келесі компоненттерден тұрады:

-кіріспе;

-қысқартылған қысқартулар мен белгілеулер;

-дайындық деңгейіне қойылатын талаптар;

- оқу - жұмыс жоспары;
- оқу- жұмыс жоспарына түсіндірме жазба;
- білім беру бағдарламасының мазмұны;
- кабинеттер, зертханалар, шеберханалар және т.б. тізімі.

Түлектердің моделі қазіргі заманғы және болжанатын маман моделінің (маманның жеке үлгісі, маманның жұмыс үлгісі, маманның құзыреттілік моделі) негізінде жасалады.

Модельдің негізгі параметрлері:

- қызметтік міндеттерге сәйкес маманға қойылатын талаптар және шешілетін өндірістік міндеттердің сипаты;
- қажетті білім мен дағдылар;
- қызметтің тиімділігін қамтамасыз ететін ерекше әлеуметтік-психологиялық қасиеттер.

Колледжде ББ-ның түлек моделі, оның ішінде білім, дағдылар, қабілеттер, құзыреттілік, жеке қасиеттер моделі жасалған.

Барлық мамандықтар бойынша колледж түлектеріне диплом беріледі.

ББ түлек моделін құруда барлық тұтынушылар қатысады. Олар әр ББ құзыреттіліктерін анықтау арқылы түлектің маман болуын қалыптастырады. Оқытушылар да түрлі іс- шаралар арқылы студенттердің мамандыққа деген қызығушылықтарын арттырады.

Кәсіпорындардағы, яғни теміржол, жол құрылысы, автомобиль көлігі мекемелеріндегі жұмыс берушілердің тәжірибеге келетін студенттерге берген пікірлері бойынша, студенттер өз мамандықтары бойынша теориялық білімдері бар, еңбекке дағдыланған, кәсіби тұрғыдан дайын, болашақта бәсекеге қабілетті маман болатындықтарына сенімді жастар.

Аналитикалық бөлім:

ББ жүзеге асыру мақсатында аккредиттелетін мамандықтың арнайы пән оқытушылары мен тәжірибе шеберлері үнемі тәжірибе базаларында тағылымдамадан өтіп тұрады.

АРТА ССК студенттерден алған сауалнамалары көрсеті:

- студенттер академиялық дәреже, курс және ББ бойынша берілетін ақпараттарға 94,2 % қанағаттанады;
- студенттердің оқу курсы бойынша бағдарламалардың берілуіне 78,8 % қанағаттанады;
- Студенттер колледждің оқу ресурстарына 90,4 % қанағаттанады.

«Білім беру бағдарламасының ерекшелігі» стандартына талдау жасай келе, білікті мамандарды даярлау көбінесе білім деңгейлерінің біліктілік шеңбері мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін сапалы білім беру бағдарламаларына байланысты.

Күшті жақтары:

- педагог кадрларының ББ қатысуы, олардың сапасын арттырулары;
- оқу пәндерінің өзара байланысының ұтымды мазмұны, көлемі, логикасы, сонымен қатар пәндердің, кәсіптік оқытудың және кәсіптік практиканың түлектердің негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсері
- студенттердің оқу жетістіктерін бақылаудың мониторинг жүйесінің болуы;
- білім алушылардың білім деңгейін, дағдыларын бағалау процедураларының жоспарланған оқу нәтижелері мен бағдарламаның мақсаттарына сәйкестігі;
- студенттердің мамандығы бойынша өндірістік және кәсіптік практикадан өтуі;
- студенттердің, кәсіпорын басшыларының, практика орындары мен жұмыс берушілердің қанағаттанушылығын функционалдық бақылауы;
- оқу процесінде оқытушылардың практикалық жетістіктерінің нәтижелерін енгізу.

ССК ұсыныстары:

- әлеуметтік серіктестердің санын көбейту, ББ жүзеге асыру кезінде географиялық шекараларды кеңейту, жетекші кәсіпорындарымен тәжірибенің барлық түрлерін ету туралы келісімдер жасасу;
- ББ мазмұнын әзірлеу барысында жұмыс берушілерді осы үрдіске тарту жұмысын жүйелеу;
- оқытушыларға оқу-әдістемелік кешендерін, цифрлық білім беру ресурстарын, оқу-әдістемелік құралдарды, ISBN тағайындау бойынша нұсқаулықтарды, соның ішінде оқыту тіліне қарамастан әзірлеу және авторлық құқықты қамтамасыз ету үшін колледждің оқу бөлмесінің жұмысын жақсарту;
- кәсіпорындардағы жұмыстың жаңашылдығын, технологияларды және жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, курстық және дипломдық жобалардың тақырыптары мен мазмұнын жаңарту;
- студенттердің академиялық еркіндігін және олардың WorldSkills Чемпионатына, колледждің қатысуын кеңейту мақсатында ТЖБ саласындағы жетекші оқу орталықтарымен халықаралық ынтымақтастықты дамыту бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- ББ 1201000 «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» және 1409000 «Темір жолдар, жол және жол құрылыстары» жобаларын әзірлеу үшін оқу жабдықтарын, виртуалды зертхананы және білім беру бағдарламаларын өндірісте қолданылатын бағдарламалық құралдармен қамтамасыз ету;

- Оқу зертханаларын ОП 1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы» бағыты бойынша «Әуежайлар» учаскесінде барлық тәжірибе түрлеріне сәйкес келтіру;
- 1410000 «Жолдар мен аэродромдар құрылысы» мамандығы бойынша оқу үрдісінің кестесін жол-құрылыс ұйымдары жұмысының маусымдық ерекшелігін ескеру;
- әдістемелік кабинет тарапынан студенттермен және оқытушылармен кәсіби ағылшын тілін тереңдетіп оқыту бойынша «Білім» кафедрасының жұмысын күшейту, осы кафедраның оқытушылары сабақта белсенді әдіс-тәсілдерді, мұғалімдерге арналған ағылшын тілінің кәсіби үйірмесін пайдалану;
- колледждің тәрбие жоспарында кураторлық сағаттар мен жұмысшылардың кәсіптері мен студенттердің кәсіптік бағдарларын алға жылжытуға бағытталған іс-шаралар үлесін арттыру.

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 11 күшті, 12 қанағаттанарлық және 1 жақсартуды болжайтын жақтары бар екенін атап өтті.

5.3. «Оқытушылар құрамы және оқытудың тиімділігі» стандарты

- Білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін *ББ* нұсқаулығына практиктерді тарту және таңдаған пәндерін анықтау қажет;
- Оқытушылар құрамын оқу үрдісінде үнемі инновацияны қолдануға ынталандыруға арналған нұсқаулықтар;
- *ББ* көшбасшылығы адами ресурстардың білім беру бағдарламаларының профессорлық-оқытушылық құрамымен байланысын көрсетуі керек;
- ТЖКБ ұйымы профессорлық-оқытушылар құрамына қоғамдық ақпараттың қол жетімді екендігін көрсетуі керек;
- *ББ* менеджменті профессор-оқытушылар құрамының қызметіне мониторинг жүргізуді, мұғалімдердің құзіреттіліктерін жүйелі түрде бағалауды, оқыту сапасын жан-жақты бағалауды қамтамасыз етуі керек.
- Мұғалімдердің оқу жүктемесі әр түрлі қызмет түрлерін қамтуы керек, *ББ* нұсқаулығында жоспарланған жүктемелердің барлық түрлерінде педагогикалық шеберліктің дәлелі көрсетілуі керек.
- *ББ* көшбасшылығы жас мамандардың дамуы үшін мақсатты әрекеттерді қамтамасыз етуі керек.
- *ББ* басшылығы оқытушылар мен қызметкерлердің кәсіби немесе жеке

дамуын ынталандыру тетіктерін көрсетуі керек.

- ББ көшбасшылығы профессорлық-оқытушылық құрамның қанағаттану мониторингін қамтамасыз етуі керек.
- Нұсқаулық оқытушы құрамның ІТ-қүзіреттілігін, инновациялық әдістер мен оқытуды қолдануды көрсететін кеңсе.
- Мұғалімдер ұжымының қоғам өміріне қатысуы маңызды фактор болып табылады.

Дәлел бөлімі:

Колледждің кадрлық саясаты білім беру процесінің жоғары сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін тәжірибелік қызметте қолданылатын тәсілдер мен әдістерді жетілдіруге бағытталған. Осыған орай колледж кадрларды іріктеу және оқыту процесіне көп көңіл бөледі, атап айтқанда, қызметкерлерді іріктеу және олардың негізгі кәсіби білімін, практикалық жұмыс тәжірибесін, жеке қабілеттерін, кәсіби білімдерін және басқа да көрсеткіштерін ескере отырып жұмысқа алу жүзеге асырылады.

Колледждің педагогикалық құрамы колледж студенттерінің контингентіне сәйкес басшылық тарапынан ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес қадағаланып тұрады.

Арнайы пән оқытушыларының басым бөлігінің кәсіпорында жұмыс атқарған кәсіптік тәжірибелері бар.

Жалпы ББ білікті оқытушылар құрамымен (штат кестесіне сәйкес) толықтай жабдықталған деп айтуға болады. 2014 жылы колледж мемлекеттік аттестаттаудан өтті, оның барысында мұғалімдердің колледжде оқытуға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі расталды.

Оқыту сапасын арттыру, өндіріспен тығыз байланысты қамтамасыз ету үшін оқу процесіне тиісті салаларда тәжірибесі бар мамандар тартылаған.

Оқытушылардың кәсіби құзіреттілік деңгейі әр түрлі оқыту формалары арқылы үнемі жетілдіріліп отырады: республикалық және аймақтық үздіксіз білім беру курстары, семинарлар, университеттермен бірге ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар. Кадрлық әлеует жоғары, бұл мамандарды дайындауды толықтай қамтамасыз етеді.

АРТА ССК оқытушылармен жүргізген сауалнама нәтижесінде:

- колледжде оқу процесінде инновацияны қолдануда профессорлық-оқытушылық құраммен қамтамасыз ету мүмкіндігі бар - өте жақсы және жақсы - 54,5% және 45,5%;
- мұғалімдер білім беру бағдарламасының мазмұнына қанағаттанған - өте жақсы және жақсы - 54,5% және 45,5%;

- мұғалімдердің басшылықпен кері байланыс деңгейі «өте жақсы» - 59,1%, «жақсы» - 40,9%;

Аналитикалық бөлім:

«Педагогикалық құрам және оқытудың тиімділігі» стандарты бойынша жұмысты талдай келе, оқытушылардың педагогикалық шеберліктері үнемі кәсіби даму деңгейімен анықталатынын атап өтуге болады. Осыған орай, колледжде оқыту сапасын жүйелі түрде анықтайтын колледж қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесі бар екенін айтуға болады. Колледждің профессорлық-оқытушылық құрамы мен әкімшілігі жоспарланған көрсеткіштерді орындауға және өзін-өзі жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуге тырысады, өйткені сыйақы мен сыйлықақы жүйесі бар. Алайда, ССК тексеріс барысында арнайы пәндер оқытушыларының біліктілік талаптарына сәйкес келмеу фактісі анықталды: мысалы, физика пәнінің мұғалімі Сарина Қарлығаш Алимкуловна «Электротехника және микроэлектроника негіздері», физика пәнінің мұғалімі Стамкулов Ернур Тлеукабылович «Инженерлік және механика негіздері» пәндерін оқытады. Ал бұл олардың дипломдарындағы біліктіліктеріне сәйкес келмейді.

Күшті жақтар:

- Колледж әкімшілігі оқытушылар құрамын білім беру кеңістігінде инновацияларды үнемі қолдануға шақырады;
- колледж оқытушылар құрамының қызметіне мониторинг жүргізудің, оқытушылардың күзіреттілігін жүйелі түрде бағалаудың ашықтығын қамтамасыз етеді;
- мұғалімдердің оқу жүктемесіне әртүрлі қызмет түрлері кіреді;
- Колледжде жас мұғалімдерді бейімдеу және қолдау бойынша іс-шаралар қарастырылған.

ССК ұсыныстары:

- ББ бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында колледж басшылығы тарапынан кәсіпорындардан мамандар тарту, практикалық сабақтардан сағт бөлу;
- 1410000 1410000 «Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы» бойынша ББ жүзеге асыру мақсатында «Аэродром» бөлімі бойынша кәсіпорыннан еңбек өтілі 1 жылдан кем емес кәсіпорыннан маман тарту;
- Оқу жүктемесін оқытушылардың біліктілік сәйкестіктеріне қарай дұрыс бөлу;
- Колледждің стратегиялық бағытын орындау мақсатында оқытушылардың біліктіліктерін жаңа технологиялар бойынша арттыруын қамтамасыз ету ;
- Колледж сайтында оқытушылар туралы мәліметтер (100 % көлемде) көрсетілуі қажет- оқытушы портфолиосы, оқу- әдістемелік құралдары және сандық білім беру ресурстары;

- Әдістемелік кабинеттің жас мамандар, озық іс- тәжірибелі жұмыстар бойынша мектептің жұмысын жүйелендіру;

- Оқу үрдісін арнайы пән оқытушыларының ағылшын тілін кіріктендіру бойынша жұмыстарын қамтамсыз ету.

Критерилер бойынша қорытынды:

ССК аталған стандарт бойынша колледждің мамандандырылған профилінде 8күшті, 2 қанағаттанарлық және 1жақсартуды болжайтын жақтары бар екенін атап өтті.

5.4. "Білім Алушылар" Стандарты»

- ** ББ басшылығы білім алушылардың контингентін қалыптастыру саясатын және оның рәсімдерінің ашықтығын көрсетуі тиіс*
- *ББ басшылығы білім алушылардың негізгі рөлдерін(кәсіби,Әлеуметтік)оқу нәтижесі негізінде тануды көрсету*
- *Оқу үрдісінде мамандану саласында білім алушыларды кәсіби сертификаттау мүмкіндігі маңызды фактор болып табылады*
